

"Тараз қанаты" авиакомпаниясы", "Сыр сұңқары" ашық акционерлік қоғамдарын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 8 сәуір N 541

Авиакомпаниялардың бәсекелестік қабілеттілігін арттыру және Жамбыл, Қызылорда облыстарының халқына қызмет көрсетуді жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әуежайды мүліктік кешен ретінде бөлу жолымен "Тараз қанаты" авиакомпаниясы" ашық акционерлік қоғамы қайта ұйымдастырылсын және оған бөлінген мүліктік кешенді беру арқылы "Әулиеата" ашық акционерлік қоғамы **қ ұ р ы л с ы н ;**

әуежайды мүліктік кешен ретінде бөлу жолымен "Сыр сұңқары" ашық акционерлік қоғамы қайта ұйымдастырылсын және оған бөлінген мүліктік кешенді беру арқылы "Қызылорда" әуежайы" ашық акционерлік қоғамы **қ ұ р ы л с ы н .**

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, заңдарда белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын **і с - ш а р а л а р д ы жү з е г е а с ы р с ы н .**

3. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері

және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405

Р990405_

қаулысына

(Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымшада:

"Жамбыл облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 545-2 - жолмен толықтырылсын:

"545-2 "Әулиеата" ААҚ";

"Қызылорда облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 768-1 - жолмен толықтырылсын:

"768-1 "Қызылорда" әуежайы" ААҚ".

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК